



ШЕШІМ

13.11.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 231/29-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы әкімінің елорданың
әлеуметтік-экономикалық дамуы
жөніндегі есебі туралы**

Астана қаласының әкімі Ж.М. Қасымбектің есебін тыңдап, талқылағаннан кейін Астана қаласының мәслихаты елорданың барлық әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамиканы атап өтті.

Астана қаласының жалпы өңірлік өнімі (ЖӨӨ) ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 7% өсіммен 5,4 трлн. теңгені құрады. Елдің ЖІӨ-дегі өңірдің үлесі 10,4% - құрайды (ел бойынша 3 орын). ЖӨӨ құрылымында ең үлкен үлесті қызметтер (62,6%) және сауда – 21,7% құрайды. Өндіріс секторының үлесіне 15,7%, оның ішінде өнеркәсіпке 8,7%, құрылысқа 7% тиесілі.

Бөлшек тауар айналымының көлемі 8,5% өсіммен 1,9 трлн. теңгені құрады. Көтерме сауда айналымының көлемі 7,3% өсіммен 5,1 трлн. теңгені құрады. Салық түсімдерінің өсуі 29,4% - құрады – бұл 1,9 трлн. теңге, оның ішінде республикалық бюджетке 25,5% өсіммен 1,1 трлн. теңге, жергілікті бюджетке 35,8% өсіммен немесе 741,5 млрд.теңге жіберілді. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 15,9% - ға артып, 1,1 трлн. теңгеге жетті (ел бойынша 3 орын).

Тұрғын үй құрылысы

2024 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында 2 млн.711,3 мың шаршы метр пайдалануға берілді, бұл 117 көппәтерлі тұрғын үй, 31 мың пәтер, 145 жеке тұрғын үй. Проблемалық үлестік объектілер бойынша – үлескерлердің 90%-ы тұрғын үй алды. Үлескерлердің жалпы саны – 431 отбасы, олар жыл соңына дейін кілттерді алады. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін жастар үшін 1050 пәтер сатып алынды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 322 пәтер бөлінді. Сондай-ақ, әлеуметтік осал санаттар үшін 1500 пәтер сатып алуға 24,7 млрд.теңге бөлінді, 280,5 млн. теңге сомасына 187 тұрғын үй сертификаты берілді. Тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасын іске асыру шеңберінде осы кезеңде 2013 жылдан бастап 286 апатты үйдің тұрғындары қоныс аударды, 4500-ден астам отбасы жаңа абаттандырылған пәтерлер алды.

Абаттандыру және көгалдандыру

2024 жылы Астанада 30 қоғамдық және 140 аула кеңістігі абаттандырылды.

Ағымдағы жылға арналған отырғызу жоспары 1 млн. жасыл желекті құрады (қалада – 898 мың, «жасыл белдеуде» - 200 мың).

Коммуналдық инфрақұрылым

Бес қазандық (ЖЭО-1 – 2 қазандық, ЖЭО-2 – 3 қазандық) және екі турбина (ЖЭО-1 – 1 турбина, ЖЭО-2 – 1 турбина) жөнделді. Сонымен қатар, 19 қазандықта (ЖЭО-1 – 8 қазандық, ЖЭО-2 – 11) және 7 турбинада (ЖЭО-1 – 2 турбина, ЖЭО-2 – 5 турбина) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 9,7 км жылу желілері жөнделді. 69 қосалқы станция мен 50 км электр беру желілеріне күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүргізілді. Өткен жылы қаланың жылу қуаты 3-ЖЭО, екі Тұран және оңтүстік-шығыс газ жылу станцияларын іске қосу есебінен сағатына 1100 Гкал қосымша қуатпен 30% - ға ұлғайтылды.

Жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің орташа тозуы 45% -, құрайды, бұл республикалық көрсеткіштен 14% - ға төмен.

Көлік инфрақұрылымы

2024 жылы жалпы ұзындығы 60 км 50 көше орташа жөндеумен қамтылды. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 30 млрд. теңге бөлінді. Қаланың қоғамдық көлік паркінің 25% жаңартылды. 8 жаңа бағыт іске қосылды (5 қалалық және 3 түнгі). LRT жобасы бойынша 22 км-дің 20 км эстакадасының құрылысы аяқталды. Станцияларда 90% темірбетон жұмыстары аяқталды, Есіл өзені арқылы көпір салынды.

Әлеуметтік сала

Жаңа 2024-2025 оқу жылында екі ауысымда 66 940 мың орындық 24 мектеп пайдалануға беріледі. Жалпы қалада 188 мектеп пен 613 балабақша жұмыс істейді. 2035 жылға дейін 123 мектеп пен 60 балабақша салу жоспарлануда.

Екі емхананың құрылысы аяқталуда («Нұрлы жол» вокзалының ауданында бір ауысымда 500 келушіге және Республика даңғылында бір ауысымда 250 келушіге). Ағымдағы жылдың соңына дейін жедел медициналық жәрдем үшін 47 бірлік санитариялық жаңа машиналар сатып алу жоспарлануда. 6,9 млрд. теңге сомасына медициналық жабдықты жаңарту жүргізілді.

Әлеуметтік қолдауға қаржыландырудың жыл сайынғы өсімі орта есеппен 15-20% - 49,1 млрд. теңгені құрайды.

Астана қаласы мәслихатының сессиясы қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, бірқатар маңызды мәселелерді шешу бойынша жұмысты жандандыру талап етілетінін атап өтті.

Елорданың өсіп келе жатқан кенттенуі мен өнеркәсіптік өсуі жағдайында экологиялық жағдайды жақсарту үшін қосымша шаралар қажет. Жасыл аймақтарды кеңейту, энергияны үнемдейтін жобаларды енгізу және ауаның ластану деңгейін төмендету басым міндеттер болып табылады. Сонымен бірге қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату проблемалары сақталады.

Қоқыстарды қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту, жаңа технологияларды енгізу және қоқыс орындарына жүктемені азайту және қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін қоқыс өңдеу зауытын салуды бастау маңызды.

Астана үшін басты бағыттардың бірі туристік секторды дамыту болып табылады. Қала бірегей архитектурасы, бай мәдени бағдарламасы және заманауи демалыс пен ойын-сауық нысандарының қолжетімділігі арқасында туристерді тарту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Алайда туризмді табысты дамыту үшін кешенді тәсіл қажет. Әр түрлі санаттағы қонақ үйлердің құрылысын жандандыру, мәдени демалыс орындарын жабдықтау, туристік инфрақұрылымды жақсарту, сондай-ақ мәдени-танымдық және экологиялық бағыттарды дамыту қажет. Туристік қызметтерді дамыту қаланың тартымдылығын арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құру және инвестициялар тарту арқылы жергілікті экономиканы нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі мәселесі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Қоғамдық қауіпсіздікті жақсарту және қылмыс деңгейін төмендету үшін қаладағы бейнебақылау камераларының санын көбейту қажет, бұл мониторинг пен жедел ден қоюдың неғұрлым тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді. Камералар желісін кеңейту көшедегі жағдайды бақылауды арттырады және қала тұрғындары мен туристерге қауіпсіздік пен қорғалғандық сезімін қамтамасыз ете отырып, туындаған оқиғаларды тезірек шешуге мүмкіндік береді.

IT-секторды дамытуды жандандыру және технологиялар саласындағы стартаптарды қолдау қажет. Жаңа технопарктер мен инновациялық хабтар құру астананы өңірлік және халықаралық деңгейде цифрлық технологиялар орталығына айналдыра алады.

Тұрғындар үшін де, туристер үшін де маңызды көлік инфрақұрылымын нығайту үшін LRT жобасын іске асыруды жеделдету, қоғамдық көлік желісін кеңейту және велосипед жолдары мен жаяу жүргіншілер аймақтары желісін дамыту қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту және қоқыс өңдеу зауытын салу жөнінде шаралар қабылдау;

экологиялық жағдайды жақсарту және энергия тиімділігі жөніндегі жобаларды іске асыру жөніндегі шараларды күшейту;

қонақ үй және мәдени-туристік инфрақұрылымды дамытуды жандандыру, сондай-ақ туристерді тарту үшін көбірек маршруттар құру;

өсіп келе жатқан тұрғын аудандарды қамтамасыз ету үшін жылумен және сумен жабдықтау саласындағы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды жеделдету;


білім беру және денсаулық сақтау салаларында кадрлық әлеуетті қолдау бағдарламаларын жандандыру;

IT-секторды және инновациялық жобаларды қолдау және дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

қоғамдық қауіпсіздік пен тиімді бақылауды арттыру үшін бейнебақылау камераларының санын көбейту;

көлік жобаларын іске асыруды жеделдету, оның ішінде LRT жобасының құрылысын аяқтау және веложолдар мен жаяу жүргіншілер аймақтарын қоса алғанда, қоғамдық көлікті кеңейту ұсынылсын.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов